



## Құрметті 1 курс студенттері!



*Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне талапша таңдау жасап, университет студенті атағына ие болған өздеріңді студенттер қатарына қабылдау сайлауымен құттықтаймын!*

*Атырау университеті – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі өзіндік тарихи мен тәжірибесі бар халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын іргелі білім ордасы. Өмірлеріңіздің жарқын сәтті сапалық студенттік шаққа бәсекеге қабілетті сапалы білім мен тәғлымды тәрбие алуға бәсекеге қабілетті университетте барлық жағдайлар жасалған. Жастардың жаңа мазмұндағы білім алуына және үлесінді даму қызметіне көптеген заманауи талаптар жағдайлар мен өзгерістер әлі де жүзеге асырылатын болады.*

*Талапшы терең, тарихи тәғлымды Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенті болған сіздерге оқу орнындағы барлық мүмкіндіктерді толығымен пайдаланып, еліміздің білімпаз, бәсекеге, беделді жастарының қатарына шың мәніндегі лайықты орындарыңызды тауып, мерейлі болуларыңызды тілеймін!*

*Қымбатты жас дос! Арман сапарың Атырау университетімен бірге бастаған сіздердің армандарың орындап алған асуларың биік болсын!*

*Мерекелік ізгі ниетпен,  
ректор, химия ғылымдарының докторы  
профессор Абдал Мәліменов.*

### Назар аударыңыз!

#### РЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ!


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ректорлар кеңесінің кезекті мәжілісі 2017 жылғы 27 қазанда Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өтеді.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының басшылары қатысатын жиында жоғары білім берудегі жаңа буын жобаларын жүзеге асырудағы Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің іс-тәжірибесі, Жаңғыру 3.0 мәнмәтініндегі білім мазмұнын жаңарту мәселелері күн тәртібінде қаралатын болады.



Кидс. Біз Сізбен кездескенімізге және Сіздің Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Балалар Университетінде оқуды таңдағаныңызға зор ризашылығымызды білдіреміз. Сізді ата-анаңызбен бірге 2017 жылдың 30-қазаны күні сағат 9:30-да №4 оқу корпусының «ISPASE» кеңсесінде күтеміз. Киім үлгісі – еркін.

Мекен-жайымыз: Студенттер даңғылы, 212  
Байланыс телефоны: 87019063725



Carstone project  
жобасы басталды

2



Байланысты  
нығайтудағы елеулі оқиға

6



Суретшінің сағынышы...

13

## Carstone project жобасы басталды



**PRI Carstone халықаралық жобасы Атырау мемлекеттік университетінде де өз бастауын алды. Адам құқығын қорғау мәселелері бойынша шетелдерде кеңінен танымал аталмыш жобаға қатысу мәртебесіне еліміздің батыс аймақтарындағы университеттер арасында біздің университет ие болды.**

17 қазанда осы жобаның ресми тұсаукесері өтіп, іріктеу кезеңінен өткен студенттер мен олардың жетекшілері таныстырылды. Ис-шараға оқу ісі жөніндегі проректор Гүлжан Жарасова, құқықтану және журналистика мамандықтарының оқытушылары мен студенттері қатысты. Сондай-ақ Халықаралық түрме реформасының (PRI) Орталық Азиядағы Аймақтық өкілдігінің жобалар менеджері Айдана Асықпаева, KAZGUU университетінің «Халықаралық құқық» кафедрасының оқытушысы, PRI консультанты Малика Таста-

нова «Студенттердің командалық зерттеу жобасын жазу дағдыларын жетілдіру» тақырыбында тренинг өткізді. Жоба оқу үдерісін күшейтудің және студенттерге зерттеушілік дағдыларды дамытудың жаңа білім беру құралына айналмақ.

Жобаға қатысушы студенттер өз зерттеулерінің негізінде дипломдық жұмыстарын жазып, түрме реформасына қатысты өз шешімдерін ұсынатын болады.

**Арай НАРЕШОВА,**  
медиа-қызмет  
орталығының маманы



Дөңгелек үстел

## Стандарттауда инновациялар аз емес

**Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің Физика және техникалық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Стандарттау – инновацияларды енгізу үшін қолайлы ортаны қалыптастырудың кепілі» атты дөңгелек үстел өтті.**



«Бүкіләлемдік стандарттар күні» мерекесі қарсаңында өткен кездесу барысында арнайы мамандар мен студенттер стандарттау, метрология және сертификаттау саласында қызмет көрсету бағыттарындағы өзіндік ой-пікірлерін ортаға салды.


Ис-шараға «Ұлттық стандарттау және сертификаттау орталығы» АҚ Атырау облысы бойынша филиалы, Техникалық реттеу және метрология комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті, «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық кәсіпорны Атырау филиалы өкілдері, профессор-оқытушылар мен студенттер қатынасқан болатын.

Дөңгелек үстел барысында кеден одағының техникалық регламенті, стандарттау саласындағы мемлекеттік бақылау, Стандарттау саласындағы SMART CITY тақырыптарында баяндамалар жасалды. Техникалық реттеу және метрология комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Салтанат Камешова, Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты Атырау филиалының директоры Надежда Дю өз сөздерінде стандарттау саласындағы инновациялық жобалардың маңызына тоқталды.

Ис-шарада «Smart емхана», «Smart мектеп» (қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесі, бейнебақылау, е-асхана,

е-кітапхана және жеке кабинет), «Smart көшеге жарық түсіру», «Smart payments» (тұтынушының барлық төлемдерін төлеуге арналған бір шот құру), бірыңғай көліктік төлем карта, инновациялық паркоматтар, құқық бұзушылықтарды сандық мониторингтеу, барлық қызметтерді әмбебап банк карточкасымен және кәдімгі смартфонмен төлеуге мүмкіндік беретін ұялы төлемдер технологиясы, «ақылды» бағдаршам және т.б. жобалар туралы айтылды.

Баспасөз қызметі



Шақыру



Атырау, 2017

## Шежіре кітапта – ұрпақтар сабақтастығы

«Мәңгілік ел» ғылыми-зерттеу орталығында ардагер ұстаз, белгілі өлкетанушы Зәки Ахмеджанұлының «Беріш-Себек шежіресі» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Акт залында өткен көлемді іс-шараға елтану және ата-жұрт, жеті ата секілді халқымызға қасиетті ұғымдарды құрметтеп үйренген кітапсүйер қауым белсене қатысты.

Шараны жүргізген облысымызға танымал қоғам қайраткері Сергей Алпатанов «Өткенімізді білмей, болашаққа ұмтылу мүмкін емес. Сондықтан «жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер» деген ұлағатты сөз бүгінде арамызда жалғасын табуда», - деп жиынның шымылдығын ашып, жаңа кітаптың мазмұнымен және жазылу мақсатымен таныстырды. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналған «Туған жер» бағдарламасына сай өткізілген бұл шараның негізгі мақсаты руға бөліну емес, Беріш-Себек руының ұрпақтарының басын

қосып, ата-бабаларды ұмытпай, рухтарын ұлықтап, жеті атаны туыс-бауырларға таныту. Шежіре кітапта кіші жүздің байұлы бөліміндегі Беріш-Себек руы аталықтарының тарихта өз ісімен аты қалған ұл-қыздарының аттарын насихаттау.

Кітап негізінен халқына қамқор, ұрпағына мақтаныш болған, заманында елі үшін қызмет еткен билер мен батырларды, қоғам қайраткерлерін, туған жердің асылдарын, бүгінгі күндегі ұрпақтарын танып, білуге деген мақсатта жарық көрген.

Кітаптың авторы Зәки Ахмеджанов «Бүгін міне, сіздердің алдарыңызда менің арманым орындалып, бірнеше жылдан



бергі ізденісіміздің нәтижесі бүгін көрінуде. Аталарымызды, я болмаса рудың қай бөлімінен екенін білмейтіндер болса осы шежіре кітапты оқыңыздар, танысыңыздар».- деп атап өтті өз сөзінде. Сондай-ақ Зәки ағамыз,

шежіре-кітап әр отбасының асыл бұйымына айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жетсе мақсаттың орындалғаны деп біледі.

Малика TAKEЖАНОВА,  
медиа қызмет тілшісі

## Аруға жарасады шолпы, шашбау



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «The Kazakh SHOLPY» атты қыз-келіншектердің әлеуметтік желідегі фотосуреттер байқауы өтті.

Бұл шараны ұйымдастырған – өңірлік рухани жаңғыру кеңсесі болатын. Шолпы – қазақ халқының рухани тәрбие құралы деп қабылдауға болады. Себебі аяғын әрпіл-тәрпіл басатын қыздың шашбауы қатты сылдырлап, оның сол шулы жүрісін әбестік санап, үлкендер дер кезінде тыйып отырған, бойжеткен амалсыздан аяғын санап басып, әсем жүруге дағдыланған. Екіншіден, үй сыртынан сәл ғана сылдыр естілсе, үйде отырған үлкендер, әсіресе ер адамдар қатты дауысын, дөрекі әңгімелерін тоқтатып, бойларын жиып алатын болған. Өйткені болашақ әйел, ұлттың анасы ретінде қыз бала ешбір жаман сөз естімеуін, дөрекілікті көрмей өсуін қатаң қадағалаған екен.

Осы мақсатта бұрымды арулар

арасында өткізілген бұл сайысқа облыс бойынша бірнеше ару бақтарын сынап қатысқан еді. Нәтижесінде, бұрымының ұзындығы 100 см жеткен Мақат ауданының 11 сынып оқушысы Лаура Латипова бас жүлдеге ие болып, байқау шарты бойынша қала орталығындағы билбордқа суреті ілінетін болды. Ал, үздік қолаң шашты бес ару – Жанаргүл Жұмалиева, Нәзира Смағұлова, Альфинур Каматова, Әсемгүл Тұрланова және Әнел Мұратова қаржылай марапат пен сертификаттарға ие болды.

Қазақ халқының салт-дәстүрін кеңінен қолданып, бұрымды ару атаңған қыздарымызға сәттілік тілейміз.

Арайлым НАРЕШОВА

## Жаңғыру жолында



Мемлекет басшысының сындарлы саясатының арқасында еліміздің әлеуметтік – экономикалық, қоғамдық – саяси тұрғыдан көптеген жетістіктерге жеткендігі жаһанға жар салмасақ та, баршамызға аян. Ағымдағы жылдың 12 сәуірінде жарияланған елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – асқаралы саясатының бір көрінісі деп білемін. Мақалада замана сынағына төтеп беруге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыру талап етілген. Маңыздысы – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстары. «Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп қалам тартқан Президентіміз өз мақаласында уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алу керектігімізді баса айтады. Бастаушы болса, қолтаушы табылады демекші, заманауи технология тілімен үндес ем қоғам талабына сай жасақталған жаңа латын әліпбиі туралы бастама халықтың зор қолдауына ие болып отыр.

Латын әліпбиіне көшу – мемлекеттің рухани – мәдени жаңғыруындағы аса маңызды кезеңі болып табылмақ. Оған ұлтым деп еңірейтін әрбір азамат өз үлесін қосуы тиіс. Шыны керек, жаңа әліпбиден мен де имендім. Алғашында бұл бастамаға оң көзбен қарамағанымды жасырмаймын. Кейіннен мәселенің мәнісін жіті түсініп, кереғар пікірден арылдым. Өркениетті қоғамға бет бұрған кезеңімізде Қазақстанның кириллица-

дан латын қарпіне көшуі міндетті түрде қажет. Бұл жерде мынаны ұғынамыз: біздің ана тіліміз тұраламайды, тек әріптеріміз жаңаланады. Өзге қаріпке көшу мәселесінде шектен тыс ұлтшылдықты доғаруымыз керек. Менің ойымша, жаңа әліпбидің оғаштығы да, оны меңгерудің қиындығы да жоқ. Ең алдымен ол жеңіл оқылады әрі компьютердің пернелерін басқанда да оңай. Қазіргі күнделікті тұрмысымызда латын әліпбиімен хат жазысып жүрміз дегуге де болады. Егер, сіз қазақ тілін жетік білетін және ағылшын тілін меңгерген тұлға болсаңыз, сізге латын әліпбиі қиындық туындатпайтыны анық.

Латын қарпі бізге не үшін қажет? Біріншіден, уақыт талабы солай. Жер шарындағы латын әліпбиін қолданатын 4миллиардтан астам тұрғынмен теңесуіміз қажет. Екіншіден, латын графикасында жазылып, ғасырлар бойы игерілмей келе жатқан баға жетпес ұлттық құндылықтарымыз қаншама?! Сол құндылықтарды игеруіміз, архивті оқи білуіміз қажет. Үшіншіден, студенттер жаңа сапалық деңгейде білім алады. Яғни, бәсекеге қабілетті, саналы, терең білімді жастар болуымыз үшін қажет. Төртіншіден, өзге түрік халықтарымен түсінісе аламыз. Біздің шығармаларымызды олар, өзгелердікін біздер оңай оқи алуымыз үшін қажет. Бесіншіден, ақпараттық технологияның заманында жүйелі, ортақ әліпби болады. Бүкіл ақпарат ағылшын тілдерінен келіп жатырғандықтан, бір әліпбиде болуымыз қажет. Осындай қажеттіліктерді тізгеннен кейін, латын қарпінің шынайы қажеттілігін еріксіз мойындайсың. Білім мен ғылымның алтын көпіріне айналған жазуды тезірек меңгеру үшін, кезігер қиындықтан қорықпайық. Мықты Москва да бірден құрылған жоқ!

Назым ЖОЛДАСОВА,  
журналистика мамандығы  
2-курс студенті

## Жастар пікірі

## Индер ауданындағы кездесу

Алаш - 100 жыл

24 қазанда «Мәңгілік Ел» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Архив және Алаш» тақырыбында Индер ауданының мектеп директорлары, мұғалімдері, еңбек ардагерлерімен кездесу өткізілді.


Кездесу барысында т.ғ.д., профессор А.Ахмет және т.ғ.к. Қ.Сүндетұлы Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» стратегиялық мақаласынан туындайтын «Туған жер» бағдарламасының бүгінгі қоғамдағы ерекше роліне жан-жақты тоқтала келіп, Ресей архив қорларында сақталған туған өлкемізге қатысты мол материалдардың барлығын, сонымен бірге іс-сапарлар барысында табылған тың архивтік материалдармен таныстырып, оның маңыздылығын атап өтті. Кездесу барысында мектеп мұғалімдері тарапынан көкейкесті сұрақтар қойылып, ұсыныс, пікірлер білдірілді.

Кездесу барысында Индер ауданы ішкі саясат бөлімімен келесі жылы Батыс Алашорданың құрылуына 100 жыл толуына орай Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарына ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастыру туралы іс-шара өткізу мәселесі де жоспарланды.



## Тарихи Түркістан жақындай түсті

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Тарихи Түркістан» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенттері қатысып, тарихи мыңжылдықтарды қамтитын ежелгі Түркістан қаласының тарихи жәдігерлерін өз көздерімен көрді. Түркі халықтарының рухани орталығы саналатын Түркістан қаласындағы мол рухани мұрамен атыраулықтардың танысуына «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражайы ықпал етті.



## Димаштың ұстазынан дәріс алдық

Жуырда Атырау университетіне әнші, академиялық вокалдан тәлімгер Марат Олжабайұлы Айтимов келген болатын. Елімізге ғана емес әлемге аты танылған Димаш Құдайбергеновтей дарындарға дәріс берген ұстаз өзінің көп жылдық тәжірибесі мен білімін «Музыка және өнер» кафедрасының студенттерімен бөлісті.



пайдалы мәліметтерге толы болды. Тек вокалдан ғана емес, сольфеджио мен теория пәндерінен де біліміміз толыға түсті. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында бізге мол мүмкіндіктерді жасаған университет ректоры Абхал Талтепов мырзаға, кафедра меңгерушісі Бақыт Жолдыбайқызына алғысымыз шексіз. Марат Айтимовтен сабақ алғанымыз біз үшін, біздің факультет үшін үлкен мәртебе. Рахмет Сізге, Марат Олжабайұлы!

Данагүл ЗҰЛХАНОВА,  
Музыкалық білім мамандығының 2-курс студенті

Атақты тәлімгердің атыраулық жастарға арнайы шеберлік сыныптарын өткізуі біз үшін музыкалық білімімізді жетілдіруге үлкен мүмкіндік болды. Республикаға танымал Нұрболат Абдуллин, Ерке Есмахан, Аманқос Ұзақбайұлы сияқты әнші жұлдыздарды және де миллиард халқы бар Қытайды өз дауысымен мойындатқан Димаш Құдайбергенов тәлім алған ұстазы Марат ағай аз күннің ішінде әр студентпен тіл табыса біліп, 2 апта бойы күн сайын 7-8 сағаттан шаршамастан вокал өнерінің қыр-сырын талдап, білім нәрімен сусындатты. Шебердің әр сабағы қызық әрі тың,

## Интересные встречи



За полтора месяца учебы мы, первокурсники, уже успели встретиться с двумя талантливыми личностями. Прошла встреча студентов специальностей «Традиционная музыка», «Музыкальное образование», «Вокальное искусство» с композитором, писателем-публицистом Ильей Жакановым и певцом Кайратом Какимовым.

Студенты встретили Илья аға вместе с хором. На вечер он рассказал немного о себе.

Студенты нашей кафедры спели его песни в формате а капелла. Песни были исполнены, используя такие инструменты как домбра, фортепиано. Во время исполнения каждой песни И. Жаканов рассказывал о истории создания этой композиции. Он рассказывал о тайнах песен, которые мы не знаем, поделился историей их написания, отвечал на все вопросы, интересующие зрителей.

Встреча прошла очень продуктивно, оставила хорошие впечатления.

18 октября мы встретились с ярким лидером традиционной испол-

нительской школы Кайратом Какимовым. Он исполнил нам песни из своего репертуара, поделился различными познавательными историями из своей жизни. Нам было очень интересно.

Кайрат Сайлауович поведал о том, как он научился играть на домбре, как учил песни народного артиста, великого композитора Гарифоллы Курмангалиева. После встречи он подарил нам свой альбом (CD), который вышел в этом году.

Акниет ПАШАЕВА,  
студентка 1-курса  
специальности  
«Традиционное  
музыкальное искусство»

## Марат Айтимов: бастысы талмай жұмыс жасау керек



Музыка және өнер кафедрасында университетімізге дәріс беруге келген ҚР еңбегі сіңген қайраткері, әнші, өзінің білім беру аясында талантты әрі бүгінгі таңда танымал тұлғаларды түлеп ұшырған ұстаз Марат Айтимовтың шеберлік сыныбы ұйымдастырылған болатын. Осыған орай, көпжылдық тәжірибесі бар әрі өте білімді Марат Олжабайұлымен сұхбаттасқан едім...

- Қайырлы күн, Марат Олжабайұлы! Мұнайлы астанамызға қош келдіңіз! Қара шаңырағымызға ат терлетіп келуіңізге не себеп болды?

- Сәлеметсіз! Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келген болатынмын. Бұл жерде өнер жолын таңдаған студенттерге өзімнің тәжірибеммен бөлісейін деген мақсатта осы жерден табылып отырмын. Осы жерде мен және студенттермен тығыз жұмыс жасау үшін арнайы шеберлік сыныбын ұйымдастырған болатын. Мұндай мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан мені шықырып, бірнеше күн қатарынан дәріс беріп жатқаным университет басшылығының, әрі істің басы қасында жүрген кафедра меңгерушісіне рахмет!

- Ал сіздің осы өнер жолын таңдағандағы мақсатыңыз қандай?

- Құрманғазы атындағы консерваторияда оқып жүргенде менің мақсатым мынадай болған: біріншісі әнші болу болса, екіншісі сол саладан ұстаз атану. Оқуды аяқтағаннан кейін осы екеуінде іс жүзінде жүзеге асырдым. Қазіргі таңда әнші әрі ұстаз болып келе жатқаным 25 жылдан асты. Осы жолда әрі қарайғы мақсатым талантты ұрпақты тәрбиелеу, олардың бойына кәсіби музыканы сіңіру. Ал бүгінгі күні мен өз мақсаттарыма жетіп келе жатырмын деп нақты айта аламын.

- Қандай бағыттағы әндерді тыңдайсыз және артыңыздан ерген жас ұрпаққа қандай бағытты ұсынасыз?

- Алдымен, әр қазақ баласы ұлттық, яғни дәстүрлі музыканы білуі шарт. Оның ішінде қазақтың халық музыкасы, қазақ композиторларының шығармалары, вокалдық шығармаларын тыңдауға және сол бағытта жұмыстануға кеңес беремін.

- Сіздің танымал шәкірттеріңіздің қатарында аты дүркіреп тұрған Димаш Құдайберген бар. Сол туралы айтып кетсеңіз. Ұстаз бен шәкірттің қарым-қатынасы қандай еді?

- Иә, ол Ақтөбенің музыка колледжін тәмамдады. Сол оқу орнында 4 жыл қатарынан мен оқыттым. Аталмыш оқу орнын академиялық әнші есебінде бітірген. Оның таланты өздеріңіз білетіндей, бүкіл әлімді бағындыруда. Ол ерекше дауыс иесі. Тағы бір айта кетерлігі академиялық ән салумен бірге заманауи ән салуды біріктіріп, ұштастыра білген нағыз әнші. Сонымен қатар ол кәдімгі табиғи ер адамның дауысы мен фальцетті қатар айта алған жігіт.

Шыны керек, Димаш осындай бір сұхбатында менің ұстазым деп аты-жөнімді атап өтіпті. Сол арқылы мені көп жастар іздеп кетті. Ол кім, ұстазын көрсек, сол кісімен тілдесек деп... Әрине, менің берген білімімнің септігінен осындай тұлға қалыптасып жатқаны мағанда жақсы көзқарас тудырады. Мен оған өте ризамын! Тіпті маған шетелдік Патрисия есімді азаматша танысу үшін іздеп келді. Мен қатты таңғалдым, шәкіртімнің осындай жетістікке жетіп жатқанына. Алға баса берсін деймін!

- Енді міне, бірнеше күн қатарынан шеберлік сыныбын өткізіп жатсыз. Студенттердің талпынысы қалай?

- Қатынасқан студенттердің біршамасының талантын байқадым. Әр қайсысының өзіндік тарихтары бар. Олардың маған келіп бір нәрсе үйреніп, біліп кетсем деген мақсаттары бар екендігі де көрініп тұр. Сондықтан осындай шәкірттерге білім беріп жатқан ұстаздарға рахмет!

- Осы оқу ордамыздағы шәкірттеріңізге айтар тілегіңіз болса, мархабат.

- Тілектерімді өздеріне де айтып жатырмын. Бастысы талмай жұмыс жасау керек. Бір бағытта, арнайы мақсатта еңбектенуі керек. Сонда ғана бәсекеге қабілетті маман болып шығады. Сондықтанда мен оларға тек сәттілік тілеймін!

- Марат Олжабайұлы, алтын уақытыңызды бөліп, сұхбаттасқаныңызға рахмет!

Малика ТАКЕЖАНОВА,  
медиа қызмет тілшісі

## Байланысты нығайтудағы елеулі оқиға

11-13 қазан аралығында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен «Ақылдарды тоғыстырып, байланыстарды нығайту» Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттері Ассоциациясының XX Мерейлі Бас Ассамблеясы өтті. 20 жыл бойына Каспий маңы елдері жоғары оқу орындарының Ассоциациясы құндылықтарды өмірдің ажыратып алғысыз бөлігі ретінде ақыл-ойды тоғыстырып, байланыстарды нығайтуда. Каспий теңізі маңы аймағындағы білім беру деңгейін күшейту мәселелерін шешу мақсатында 1996 жылы құрылған Ассоциация бүгінде өз миссиясын сәтті іске асыруда.

Шетелден келген қонақтар алғашқы келген күннен «Сарайшық» мұражайлық-мемориалдық кешеніне саяхат жасап, мұнайлы астанамыз Атыраудың тарихымен танысып қайтқан болатын. Ал ертеңіне Каспий маңы елдерінің 50-ден аса жоғары оқу орындарынан бір мақсатты көздеп келген өкілдері Салтанат сарайындағы пленарлық мәжілісте жүздесті. Ассоциация қызметінің нәтижелерін талқылау және ынтымақтастықтың белгілі бір бағытарын анықтау мақсатында өткізілген жиынды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры х.ғ.д., профессор Абзал Талтенов шетелдік қонақтарға қош келдіңіз айтып, алғы сөз сөйлеп, жүргізіп отырды. Ал Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев өз сөзінде құттықтау лебізін былай жеткізді:

– Бұл бас қосу өңіріміз үшін айтулы оқиға деп білемін. Себебі көршілес елдер үшін достық қарым-қатынасымызға тың серпін берері сөзсіз. Мұндай кездесуде әртүрлі саладағы кемелді мәселелер қозғалып, ортақ нәтижесін шығарады. Мәжілісте Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Е.Сағадиевтің құттықтауын заң қызметі және

халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары Ақерке Абылайхан оқып, жиынның маңызын атап өтті. Ректор Абзал Талтеновтың жүргізуімен әрі қарай Иран Ислам Республикасының ғылыми зерттеу және технология министрлігінің өкілі Фараджуллах Талеби, Астрахан мемлекеттік техникалық университетінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор Сергей Виноградов, Дағыстан мемлекеттік университетінің ректоры Муртазали Рабаданов, Гиллян университетінің ректоры Ахмад Рази және Баку мемлекеттік университетінің гуманитарлық бөлім бойынша проректор Сани Гаджиевтың баяндамалары оқылды. Бас қосудың соңында ректорларға сертификаттар мен төсбелгілер табысталды.

Жоспар бойынша Атырау мемлекеттік университетінде Иран мәдениеті мен тілі орталығының ашылу салтанатының рәсімі өткізілді.

Бағдарламаға сәйкес, Атырау мемлекеттік университетінде «Жоғары білім беру саласындағы жобалық менеджмент» атты Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері ректорларының саммиті өтті. Ректорлар жиынының мақсаты ЖОО басқарудағы жобалық



менеджмент жөнінде ақпараттар және тәжірибемен алмасу, жаңа көзқарас қалыптастырып, пікірталастық алаңға айналдыру. Бас қосу барысында шетелдік рек-

торлар өз университеттерінің жеткен жетістігін, қазіргі жүзеге асып жатқан жобаларды, болашақтағы мықты идеяларын көрнекілеп таныстырды.



## Каспий порталы жобасы

**XX Бас Ассамблея кезінде Ассоциацияға мүше университеттердің халықаралық және ғылыми ынтымақтастық менеджерлері үшін арнайы воркшоп ұйымдастырылды.**

Бұл жиынға Айгерім Шилібекова, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің бірінші проректор – Стратегиялық жоспарлау және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры, Али Бани – Гилан университетінің халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры, Али Хешматпур – Гонд-бад университетінің проректоры, Мухаммад Хусейн Фатими – Мазандаран университетінің проректоры, Е.А.Юкина – Астрахань мемлекеттік техникалық университетінің халықаралық бөлімінің бастығы, Т. Почивалова – Астрахань мемлекеттік сәулет және құрылыс университетінің халықаралық қатынастар басқармасының бастығы, Д. Мулеев – Теңіз және өзен көлігі Каспий институтының халықаралық бөлімінің басшысы, М. Рабданов – Дағыстан мемлекеттік университеті ректорының кеңесшісі, Гаджиев Е. – Дағыстан мемлекеттік педагогикалық университетінің халықаралық қатынастар бөлімінің бастығы, Д. Диарова – Атырау мұнай және газ университетінің тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры, А. Мұсаева – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылым департаментінің директоры, Г. Шамбилова – Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, Г.Шугаева – Атырау мемлекеттік университетінің профессорлары

қатысып, халықаралық байланыстарды орнату мен нығайту, ЖОО бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерді екі модульге бөлініп қарастырды.

Бірінші модульде университеттердегі халықаралық ынтымақтастықты іске асыру барысындағы кездесетін бірқатар қиыншылықтарды, тілдік кедергілер, мәдениетаралық немесе діндік, елдік ерекшеліктер, құндылықтар мен мінез-құлық нормалары арасындағы айырмашылықтарды атап айттып, соған байланысты, мәселелерді талқылап, шешімін іздестіру мақсатында университет өкілдері презентация арқылы өз ұсыныстарын білдірді.

Осы модульдің нәтижесі бойынша Ассоциация шеңберінде өзара іс-әрекет етуге жалпы ережелер дайындалып, академиялық алмасулардағы іске асыру, виза алу рәсімдері және басқа да ұйымдастыру мәселелері көрсетілді.

Екінші модульде CAPSCORE (Caspian Portal of Scientific Collaboration and Research) – Ғылыми ынтымақтастық пен зерттеулердің Каспий Порталы ғылыми порталының жобасы (демонұсқасы) таныстылды. Қатысушылар оны дамыту бойынша ұсыныстарын білдірді. Бұл модуль нәтижелері CAPSCORE ғылыми порталының бірлескен жобасын жетілдіріп, жобаны іске қосу үшін соңғы нұсқасын бекітті.

## Шетелдіктер Хан ордалы Сарайшықта

XX мерейлі Бас Ассамблеясына шет елден келген делегация мүшелеріне өлкеміздің тарихымен таныстыру мақсатында Сарайшық тарихи – мәдени кешеніне саяхат ұйымдастырылды.

Экскурсия барысында, бірінші Хандар Пантеонына бас сұғып, ғимараттың архитектурасы мен және жерленген хандар туралы ақпараттармен танысты. Одан соң Мұражай ішіне кіріп, Сарайшық қазба нысанын табылған тарихи жәдігерлермен аса қызығушылықпен танысты.



Сарайшық қаласының 14 ғасырдағы келбетін макеттен тамашалап, қаланың тұрмыс тіршілігі мен, шаруашылығы жөнінде мәліметтер берілді.

## Парсы тілін меңгеруге тамаша мүмкіндік



**Ақылдарды тоғыстырып, байланыстарды нығайту мақсатындағы биылғы 11-13 қазанда өткен Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттері Ассоциациясының XX Мерейлі Бас Ассамблеясы аясында Атырау мемлекеттік университетінде Иран мәдениеті мен тілі орталығы ашылды.**

Орталықтың салтанатты ашылу рәсімінде Атырау университетінің бірінші проректор-стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар проректоры Айгерім Шилібекова жаңа орталықтың тек қана Атырау және Мазандаран университеті ғана емес, сондай-ақ, Каспий теңізімен біріккен екі елдің ынтымақтастығын да бейнелейді деп атап өтті. Сондай-ақ осы орталықтың ашылуына ықпал етіп, қолдау көрсеткен Атырау университетінің ректоры Абзал Талтенов пен Мазандаран университетінің ректоры Сейид Халлах Мирниға орталықтың ашылуына жағдай жасағаны үшін алғысын білдірді.

«Қазақстан мен Иран тарихы көптеген ортақ нәрсеге ие және біз тереңірек зерттеуіміз керек. Елдер бір-бірінен алыс болғанына қарамастан, Каспий теңізінің арқасында біз бір-бірімізбен туыс ретінде кездесуе мүмкіндік алдық», – деп атап өтті Мазандаран университетінің ректоры Сейид Халлах Мирни.

Бұл орталықтың мақсаты студенттеріміздің парсы тілін меңгеруге жағдай жасау. Алдағы уақытта парсы мәдениеті мен тіліне қызығушылық білдірген жастарды оқытатын арнайы мамандық Иранның жоғары оқу орындарының бірінен шақыру жоспарланып отыр.

## Идеяға толы ректорлар саммиті



«Жоғары білім беру саласындағы жобалық менеджмент» атты Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері ректорларының саммиті өтті. Ректорлар жиынының мақсаты ЖОО басқарудағы жобалық менеджмент жөнінде ақпараттар және тәжірибемен алмасу, жаңа көзқарас қалыптастырып, пікірталастық алаңға айналдыру. Мемлекеттік университеттердің басшылары өзіндік идеялық жобаларын таныстыруда баяндамаларын оқыды. Оның негізгі мақсаты университеттің стратегиялық дамуындағы жобалық менеджменттің рөлін айқындап, ЖОО басқарудағы қағидаларды

түсіндіріп, Ассоциация төңірегінде бірлескен жобаларды анықтау. Бас қосу барысында шетелдік ректорлар өз университеттерінің жеткен жетістігін, қазіргі жүзеге асып жатқан жобаларды, болашақтағы мықты идеяларын көрнекілеп таныстырды. Ректорлар үшін саммиттің ең тиімді тұсы бұл – олардың өз ұйымдарындағы жобалық менеджментті қолданудың тиімді тәсілдері мен өзіндік ой-пікір, идея мен тәжірибелерімен бөлісуі еді. Мұндағы талқыланған жобалар ғылым мен білім, халықаралық ынтымақтастық пен инновацияларды дамыту салаларындағы негізгі ұсыныстар болды.





**Мен жаққа келіңізші...**

Ештеңе айтпаймын,  
Ештеңе сұрамаңыз.  
Ешкім де айтпай-ақ,  
Себеңсіз ұнағансыз.

Жайық та жабырқайды,  
Үн - түнсіз мүлгіп қалғып,  
Биік боп қалыңызышы,  
Тік болсын мұнараңыз.

Сіз жайлы сұрауға да,  
Дәрменім жетпей менің.  
Санамда сансап тұрар,  
Өлмейтін естелігің.

Сенім мен сезім биік,  
Ақылмен айқасатын.  
Білемін көңіл күйің,  
Бәрінен шаршадыңыз.

Сіз жаққа елеңдеумен,  
Біз жақта күн өтуде.  
Сіз тағы келем деумен,  
Қалдырлық үнсіз тағы.

Мен сізге "жоқ" демедім  
Сіз бірақ "жоққа" балап.  
Өкпелеп кешірумен,  
Қоя алман өзге талап.

Өтінем, қырсықпаңыз,  
Сор болман басыңызға.  
Бақ болып қонар болсам,  
Қондырғың қолыңызға.

Сіздегі менмендіктен,  
Мендегі сенім қымбат,  
Бәрі де құрысыншы,  
Кетейік қолды сілтеп.

Уақыттың бар кезінде,  
Бағалап бірімізді.  
Соңғы рет сұрайтыным,  
Мен жаққа келіңізші...

**Жоғалып кетер ем...**

Түн сұмырай сүйреп,  
Тұншықтырмақшы.  
Мен әлсізбін, ағатай!  
Үнсіз-ақ ұқшы.

Ешкімге көрсетпей жасымды,  
Жылап алайын.  
Мен шаршадым, апатай!  
Түн жамылайын.

Бәрінен безініп себеңсіз,  
Өкпелегенмін.  
Мен суықтауым, бауырым!  
Бұрыннан қатыгез б(е)дім?

Сырымды ақтарып жандарға,  
Көпке сенгенмін.  
Сыр аша, өтінем, сіңілім!  
Сенбе сенбегің.

Қол ұшын созып барымша,  
Мейірімді болайын.  
Бәрі де алдамшы, әкетай!  
Кешіріші, Құдайым!

**Мырзабек Аяулым**

1997 жылы 3-ші қарашада Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы селосында дүниеге келген. Облыстық ғылыми жобалар байқауы мен пәндік олимпиадалардың, республикалық жарыстардың жүлдегері болды. Оралхан Бөкей және Мұқағали Мақатаев оқуларына қатынасқан. Поэзияға сүйіспеншілігі 10-шы сыныпта басталады. Аудандық «Қызылқоға» газетінде мақалалары жарық көрген. Бүгінгі күні Атырау университеті журналистика мамандығының 3-ші курс студенті. «Факультет аруы-2016» байқауында «Инабатты ару» номинациясын жеңіп алған. «Кәусар» жыр жинағына талтындығы енген. Университеттегі Мүмекен Нәжімеденов атындағы әдебиетшіармашылық бірлестіктің мүшесі.

Сынақтар жабысып аяққа,  
Сүріндірмекші.  
Қолдашы, қорғашы, анашым!  
Дұғамен үзілмей үмітің.

Еңсеңді тік ұста деуші едің,  
Биіксің!  
Құлап барамын, досым!  
Тез келгің, керексің!

Ақ үміт желкелеп тағы да  
Мен оны күтіп ем.  
Құрсыншы бәрі де,  
Жоғалып кетер ем...

**Қиырдағы жақыным**

Еріксіз көздеріммен жас  
тамшылағанда  
Сізді іздедім жарығым  
Санамды ұлап сансыз ойлар  
тұмшалағанда  
Сізді іздедім асылым  
Өзгеше күйге бой алдырғанда  
Өзендей тулап тасыдым  
Мен сағынып өлердей болғанда  
Жартысын іздеп жанымның  
Қанжылап жүрек  
Бейшара сезім  
Қаңғырып қалды жаным мұң..  
Қалада мынау суықтағанда  
Қолдарым мұздап  
Ақ ұлпа қарда  
Жылы құшағыңды тосқың мағанда  
Жаңбырды түнде  
Бұлт түнерген қараңғыларда  
Жарығыңды іздеп  
Қорыққанымда қолыңды созғың  
ғашығым  
Сүйіп те тұрып күйіп те тұрып  
Мұңдармен талай алыстым  
Тұншығып тыныс  
Дем жетпей кейде  
Өлермен болдым тағы да  
Алыстамай менен  
Жақындашы қиырдағы жақыным...

\*\*\*

Әке, қызың бүгін тағы да жылады  
Жылап жүріп Ұлы Құдайыңнан:  
Сынағының сындарын  
Мұңдарының себебін  
Сезімдерінің сырларын  
Ойларының көрерін  
Жандардың жауапсыздығын  
Ауруының дауасыздығын  
Көздердің соқырлығын  
Кеудемсоқтың тақырлығын  
Бай жүректің тақырлығын  
Өзінің керексіз ақындығын  
Сұрақтардың жауаптарын  
Жауаптардың дұрыстығын  
Дұрыстығы да бұрыстығын  
Жеткен жарым жетістігінің  
Дәмін татқан жеңілістерінің  
Құлаған баспалдақтарының  
Аңсаған басты арманының  
Сағынбайтынды сағынғанының  
Сүймегенді сүйгендігінің  
Сүйіп жүріп мұңдарға күйгендігінің  
Болмашыға өкпелегендігінің  
Бермегенге көп бергендігінің  
Созбайтынға қол созғанының  
Бір кездегі көптен озғандығының  
Озып келіп шалынып тозғандығының  
Жақсылықты түсінбегенінің  
Себебін іздеп түсімде көргендігінің  
Көрмеген көзге  
Желөкпе сөзге сенгендігінің  
Өзіңді ұмытқанының  
Түсініксіз қылықтарының  
Кәлімасыз имандығының

Керексіз жиған жанының  
Бәрінің жалғандығының  
Себебін сұрадым.  
Құдай айтты:  
Жақсылық көрсең менен  
Жамандық көрсең өзіңнен  
Бірақ бүгін жыладым деп  
Маған арыз айтпағың  
Себебі мен берген тағдыр  
Керексіз деп жазғыр  
Бәрібір кері қайтпағың  
Өмірің сенің өлшеулі  
Иманды түзе  
Кәлімаға келтір тіліңді  
Қайырымы болар тек менен...

**Мен сені қызғанамын**

Қара көз қолаң шаштылардан  
Мен сені қызғанамын  
Қысқа белдем ұзын етектерілерден  
Мен сені қызғанамын  
Нәзік қол жіңішке саусақтылардан  
Мен сені қызғанамын  
Қоңыр үн ашық дауыстылардан  
Мен сені қызғанамын  
Арам пиғыл бөтен ойлылардан  
Мен сені қызғанамын  
Қыпша бел жеңіл салмақтылардан  
Мен сені қызғанамын  
Маржан тіс аппақ білектілерден  
Мен сені қызғанамын  
Еріксіз жымыю қызыл ерінділерден  
Мен сені қызғанамын  
Өзге бейне бейтаныс  
жүректілерден  
Мен сені қызғанамын  
Мазасыз соғылған қоңыраулардан  
Мен сені қызғанамын  
112 мейлі тмс ммс хаттарыңнан  
Мен сені қызғанамын  
Жауапсыз қалған сұрақтардан  
Мен сені қызғанамын  
Таппаса өзіңмен жүрегім тұрақты  
арман  
Мен сені қызғанамын  
Болсамда жаныңнан жырақта жа-  
ным  
Мен сені қызғанамын  
Жанымның жалауы ізгі арманым  
Мен сені қызғанамын  
Бүткіл "Әйел" деген атаулыдан  
Мен сені қызғанамын  
Бәрібір қызғанамын  
Қызғанамын.

\*\*\*

Бағамды біліп аялағаныз,  
Жылатып тағы аямадыңыз есімде.  
Кештерде айлы жаяулағанымыз,  
Құшақта ыстық саялағанымыз,  
Қаңтардың ызғар кешінде.

Өрт болып жанып маздағаныңда,  
Келместей кете жаздағаныңда,  
Қорқушы е(ді) м.  
Жанымнан біраз жырақтағаныңда,  
Ай емес, тіптен күн- апталығыңда.  
Арада жылды өткердім.

Атыңды айтып жар салмасамда,  
Салсаң да әуре- сарсаңға,  
Түсірмеймін бағаңды.  
Үнсіз- ақ ұғып түсінбесекте,  
Өңіме емес түсіме кірсеңде,  
Қымбатсың мейлі Алтын- нан.

Бағымды мүмкін еселедіңіз,  
Мен сіздің шеше  
алмайтын есебіңіз,  
Қайтейін.  
Көңіліме хош көретің,

Еркімсіз қош дер едім,  
Артықсың хан да,  
Бектің баласынан.

\*\*\*

Ақ бұлттан сізді жасамағанмын,  
Мен үшін күйді жасағаныңның,  
Куәсімін.  
Жүректердің қағысынан,  
Сағынып өліп табысудан,  
Айналдым.

Сіз барда Жайық аппақ еді,  
Ақ Күртелі жігіт секілді.  
Қаңтармен бірге кеткен едіңіз?  
Қарменен еріп кетпеп пе едіңіз?  
Ізіңді қалған іздедім.

Жайымды күйсіз қалғып мүлгіген,  
Мұң артқан түндер, сырласқан сыйлы  
күзбенен,  
Қоштастым.  
Келісіп бәрін жасап алайықшы,  
Махаббатпенен жасарайықшы,  
Тас қалаға келді гүл - Көктем!

**Мүмкін мәңгі....**

Екеумізде ортақ сырлар қалсын деп,  
Ай жетектеп жұлдыздарын жасырды.  
Қоңыраудан естілсе де қоңыр үн,  
Архивтедім әрбір жазған хатыңды.

Сезімдердің сыналарын сездік пе?  
Қашықтықтың мәнін мүлде ескер-  
мей.  
Тоқсан ойлап тоғыз тарау түйдік те,  
Сізден бөлек мен де кеттім үндемей.

Өкініштер өзегімнен өртер ме,  
Күле алмайтын жылау білмес күйімді?  
Махаббаттың жыры өзге, өзгеше,  
Қанды, шерлі және тіптен сүйкімді.

Сіздің шалған қоңыраулар тізбегі,  
Енді қайтып соғылмасын білемін.  
Сіздің жазған хаттардың да легі,  
Келмесін деп іштей ғана тіледім.

Ескірмейтін сезім болса әлемде,  
Біздің сезім болып қалсын деген ем.  
Жүрегімнің түкпіріне, түп - түбіне,  
Тығып қойсам қайтер екен, тілерім.

Моншақтайын жас тамса да жа-  
нардан,  
Бақыт үшін бақыт үшін болсын тек.  
Шықтым сау "түн" деген қамалдан,  
Өтінем, босатшы, босатшы мені тек.

Таң атты өзгеше күй енді,  
Сағынып жүргенім болмаса.  
Естелік ескермей сезімдер сөнбейді,  
Әлде шын немесе бекерлік далбаса.

әуені естіліп азанның,  
Жанымды жайлады тыныштық.  
Орнына ойлаудың анамның,  
Сізді ойлап отырмын, соқырлық.

Бүгінде өзгерем, басқамын  
Түр салып сиқырлы сан түрлі.  
Сіз жүрсіз еркінде басқаның,  
Жабылса терезе, ашылып есігі.

Тәтті сөз тілге ие тілек боп,  
Қайтадан кездесу бұйырса, қайтеміз.  
Баспаймын дегенді үш басып,  
Сор болып, шын болып келмеңіз.

Бақыттың кілті тек адалда,  
Ол бірақ бәрінен қиындау.  
Өкініш мендегі мынада  
Уақытында жазылмаған хаттар мен  
Соғылмаған қоңырау.

Сіз жайлы талай жыр жазылған,  
Сағынып, сүйіп те өкініп.  
Сіз жайлы қозғалса әңгіме,  
Мәз болам ыржиып, өтірік.

Сыйластық сый білмес ғажабым,  
Арада қалсыншы.  
Біздегі соңғы сыр, суреттей  
Сіз жайлы соңғы жыр жазамын.  
Мүмкін мәңгі,  
Мүмкін бәрі әзірше...



Мен ауыл баласымын !!!

Келеді жүрек тербеу түнде ой маған,  
Туған жер шабыт берген мұндай маған,  
Қарабауда киелі қасиетті  
Мен ауыл баласымын құмда ойнаған.

Табылар ойымыздан жарасым ән,  
Үлгі алған ұлдары данасынан,  
Мен ауыл баласымын жыр жазарда  
Шабыт алған ауылдың ауасынан.

Ұрпақпыз ұлыларды ұлықтаған,  
Өткеннің өнегесін ұмытпаған,  
Мен ауыл баласымын малды бағып  
Қырда өсіп асауларды құрықтаған.

Кешегі салт дәстүрден сыр ұқтырған,  
Өнер бар бойларында тұнып тұрған,  
Ауылдың баласынан айналайын  
Йісі қазақтықтың шығып тұрған!!!

\*\*\*\*

Біз қазақ момындармыз жай хылықпыз,  
Сабырлыққа мінезі сай хылықпыз.  
Өзінің туған тілі бай болса да  
Орыстың сөздеріне байланыппыз.

Біреу айтты ойланшы қандайсың деп?!  
Немене тілім деп зарлайсың деп?!  
Үш тұғырлы - үш тілді меңгермесен  
Журналист боп ұзаққа бармайсың деп...

Ол рас орыс тілді қақпаймын мен,  
Ағылшынша ұзаққа шаппаймын мен.  
Мені тек мектептегі мұғалімдер  
Қазақ тілге жүйрік қып баптай білген.

Екі тіл. Кескестейді жолды бұлар,  
Түптің түбі байлайды қолды бұлар.  
Өзге тілді білгенде артық емес

## Әбілқайыр Бимырза

1998 жылы қазан айының 24-жұлдызында Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау ауылында дүниеге келді. Қарабау орта мектебінде оқыған кездерінен түрлі жарыстарда мектеп абыройын аудан, облыс көлемінде қорғап жүрді. Атап айтқанда, Шынарбек Қабиев ұйымдастырған оқушылар айтысына бірнеше рет қатынасып, жүлделі орындарға ие болды.

Қазір журналистика мамандығының 2 курс студенті.

Десекте өз тіліңді оңдырып ал.

Қазақшаға қандырмай кемеріңді,  
Біз кімге көрсетеміз не деп үлгі.  
Кейбір қазақ қазақша сөйлей алмай  
Туған тілім түсіріп жүр беделіңді.

Тіл тағдырын ұлт болса олайтұғын,  
Бұл мәселе намысты қайрайтұғын.  
Күн барма екен қазекең орысша емес  
Орыстарың қазақша сайрайтұғын.

Туған тілге тұрғасын тарптып ішім,  
Тек тыныштық тілеймін халқым үшін.  
Мадениетті адамдар бола аламыз  
Ұлттық тілді игеру арқылы шын.

Қазағым-ай сөзге бай сүйікті елсің,  
Тірлікте тіл арқылы биіктерсің.  
Бақ-беделің жайылып шартарапқа  
Туған тілім тұғырың биік болсын!!!

\*\*\*\*

Тірлікте осы жақ болса аққа бәрі,  
Ақтың бәрін айтам деп жақ талады.  
Әлемімді өзгерткен кей кісілер  
Сәлемімді алмайтын боп барады.

Абайлаған жөн шығар тік қарарда,  
Мейірімде жетпей жүр тіпті адамға.  
Білем менің сәлемім маңызды емес  
Сыйластықтың қадірін ұқпағанға.

Жұлдыз болып кеткен бе кішігірім,  
Әлде төмендеген бе түсіңің.  
Осы күні қасымда бірге жүрген  
Кісілердің көрмеймін кісілігін.

Таныстарым деймін-ау таныстарым,  
Қаламасын басыңнан бақ ұшқанын.  
Сын сағатта шыдамай сергелдеңге  
Кеттіңдер-ау көлгірсіп шалыс бәрің.

Жолдастарым деймін-ау жолдастарым,  
Жөн еді ғой дем беріп қолдасқаның.  
Бірақ-бірақ бірігіп сендерменде  
Биік-биік белес пен жолды аспадым.

Доспен мықты шығарсың бар ғаламда,  
Мұңайғанда, қуанып таңданарда.  
Бәрін тізіп тастадым сонда менің  
Дос дейтіндей адаммыз қалмаған ба?!

Мендік сөзге болса егер тоқтаушы бар,  
Бұл сөздерге сабыры жоқтар сынар.  
Мен бәріңді табалап отырғанда  
Мені біреу жамандап жатқан шығар...

А-ға.

Күлімде қарғам,  
Осынау дүрмек күніңде жалған.  
Сынаққа ешбір ілінбе қарғам.  
Күлкі ізі болсын түріңде қалған.

Сүйіп қарадым.  
Білемін сенің биік талабың.  
Басымды саған иіп қарадым.  
Бақытты құшып ұйықта жаным.  
Ерке едің маған.  
Байқасаң біліп келте бұл ғалам.  
Түссінсең сендей мен тегі адам.  
Жүректі сезім өртеді жаман.

Алып ұша ма?!  
Сендік сезімде сабылысама.  
Бұйырған болса бағың ұша ма?!  
Салынба жаным тағы құсаға!

Батпағың мұңға.  
Көңілді бөлгің шап-шағын жырға.  
Тағдырдан бақыт эппағым ұрла.  
Айналмас еншің жат бағындағыға.

Жүрегім менің.  
Жүректе ұстап жүре білгенім.  
Сен десе бөлек реңім менің.  
Тек бақыт қана тілегім менің.

Күздегі іздегенім!

Қиғаш қас, алтын кірпік, қызыл ерін  
Көрген жан тамсанатын жүзі керім.  
Сұлуға жолықтырған мына мені  
Өкпем жоқ осы жылдың күзіне дым.

Кім екені белгісіз шын сыңарың,  
Менде сені ұнатам біл шырағым.  
Тәтті қиял тербетіп басыңызды  
Айналыдырып алуға құлшынамын.

Бұл өмірде жүреміз құлап тұрып,  
Бәріне де төзермін шыдап күліп.  
Біреулердің сезімі жалған шығар  
Ал менікі тек қана тұрақтылық.

Естей бергім келіп жүр тәтті үніңді,  
Сен десе баса алмаймын аптығымды.  
Ешкімде ала алмаса екен деймін

Шыңда тұрған шырайлы шаттығымды.

Күрең күздің ең соңғы күндерінде.  
Қармағыңа басқаны ілмедің бе?!  
Сезім отын тұтатып жібердің-ау  
Махаббаттан бейхабар жүргенімде.

\*\*\*\*

Жүрегімді бір сезім бағандаған,  
Көңіл бүгін қай жаққа алаңдаған.  
Менде өзімді әлі күн ұқпай келем  
Түсіне алмас заманда адамды адам.

Дел-сал болып түршігіп жатыр кеуде,  
Сезім сырын тереңге батыр деуде.  
Жанып ұшқан қып-қызу өлеңменен  
Муза шығар танытар ақынды елге.

Кем қалмаған жігіт ем сый-бағынан,  
Ойлар толып кетті ғой ми қарыған.  
Бәлкім менің музама айнарларма  
Бақыт таптым бір сұлу дидарынан.

Бақытты етем мен сені саспа жаным,  
Айтармыз махаббаттың асқан әнін.  
Бірақ-бірақ тұп-тұнық сезіміңді  
Ақтарып тастауға да жасқанамын.

Кейде мен өз-өзіме қайран қалам,  
Ақ қарасын әр істің айыра алмаған.  
Менің ішкі сезімім неге неге  
Жүзсіз пышақ секілді қайралмаған.

Бұл бір бақыт боларма бастауы ірі,  
Сезіміңнің шертілсе асқақ үні.  
Басқа біреу сүйем деп келемесе екен  
Айтамын деп жүргенде басқа күні.

Кезім қайда ?!

Ойларын сай-салаға шашыратқан.  
Бұл күнде Бимырзаның басы қатқан.  
Кезім қайда балалық балғын шағым  
Үй маңында алаңсыз асық атқан.

Ауылын алыс қылып күлкінің мен,  
Жалығып кеткендеймін бұл күнімнен.  
Кезім қайда жайлауда қойды бағып,  
Таңмен кештің арасы жылқы мінген.

Тірлігімде тұрайын тұғырда аман.  
Бала кезде ештеңе ұғынбағам.  
Кезім қайда мектепке барып алып  
Жақсы оқитын қыздарға қырындаған.

Ұқпайсың жол шығар деп қисық алдан.  
Мұрынымда ауылдың исі қалған.  
Кезім қайда қазанға тезек теріп  
Ойып-ойып қорадан қи шығарған.

Өткен күннің бәрі де қызық еді,  
Бәлкім ол балалықтың ізі ме еді.  
Кейде осындай кездерді сағынғанда  
Жанарымнан тамшы жас үзіледі.

## Фото өнерінің шебері

Қазанның 19 жұлдызында «Журналистика» кафедрасының ұйымдастыруымен журналистика мамандығының студенттері жергілікті таны-мал фототілші, Атырау энергетика кешені баспасөз қызметінің маманы Аман Мутигуллинмен кездесті.

«Фотожурналистикадағы кәсіби шеберлік» атты тақырыбында өткен шеберлік сыныбында ол өзінің кәсіби біліктілігімен бөлісті. Шығармашылық жолында «Прикаспийская коммуна» және «Ақ жайық» газеттерінде қызмет еткен. Фототілшілік бағыт елімізде аз дамығандықтан, осы өнердің қыр-сырымен таныстыру, насихаттау мақсатында келген А.Мутигуллин «Фотографияның өнер екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қылқалам шеберлері туындылары сияқты ол да өнер, маңызы үлкен. Тарихтың бір көрінісін болашаққа қалдырады», - деді. Кеш барысында кейіпкеріміз өзінің түсірген суреттерін

көрсетіп, өзінің тәжірибесімен бөлісті. Студенттер өз ісінің шебері болған А.Мутигуллинге сан түрлі сауалдарын жолдап, жауап алды. Фотоға түсірудің қыр-сырына қанықты. Кеш соңында осы шараны ұйымдастыруға мұрындық болған журналистика кафедрасының меңгерушісі М.Мукашева қонақтарға алғыс-тілегін білдірді. Фототілші болуды қалайтын студенттер бұл кездесуден әдемі әсер алып, хас шебермен сұхбаттасудың өзі бір мәртебе деп тарқасты.

Мөлдір Ізтұрғанова,  
журналистика мамандығының  
4 курс студенті





## АДАМ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Ғашық болғым келеді адамдарға,  
Ғашық бола алатын шамам барда.  
Сүйе алсам барлығын жүрегіммен  
Одан асқан пендеңде арман барма?

Сүйермекем осыны анықтайын,  
Адамдарға жылылық танытайын.  
Бір күнде бір адамды қуанталсам,  
Содан лаззат алудан жалықпайын.

Адам болғым келеді қарапайым,  
Ниеті ақ нәресте баладайын.  
Адам болғым келеді адам болғым  
Ертеңіне заманның алаңдайтын.

Біз адамбыз аш көзіңді ағайын,  
Жұбатыпта жылатқанбыз талайын.  
Нағыз бақыт мейіріммен ақ пейіл  
Басқа бақыт қайдан іздеп табайын?.

Жүзі жылы күлген кезде бар адам,  
Сондай сұлу жаратылыс қайтадан  
Қайталанбас, қайталана алмайды,  
Мейлі дәуір басталса да жаңадан.

Біз адамбыз сондай сұлу жанымыз,  
Көпте емес бұл құрлықта санымыз.  
Сондықтан да бағалайық өмірді,  
Бағалайық барша жанды бәріміз.

## Қалайсың ба

Болама сені мәңгі сүйіп өтсем,  
Әлемнің әдемісін үйіп төксем.  
Мен үшін енді өмірде нағыз бақыт  
Жұдырықтай жүрегіңе сыйып кетсем.

Болама жаным сені бақытты етсем,  
Қараңғы өміріңді жарық етсем.  
Көктем етсем құраған көңіліңді,  
Жәнеде өмір бойы еркелетсем.  
БОЛАМА?...

ҚАЛАЙСЫҢ БА? сені өзіме ғашық етсем.  
Қиналамын, сағынып қашық кетсең.  
Кінбес ем өзіңе барар жолда  
Қан кешіп, алты құрлық асып өтсем.

Соқырлық сені сүймеу түсін мені,  
Айдап келді, сезімнің тылсым лебі.  
Сені көріп "ұнатсын" деген болар.  
Ұнаттым ал. сен ойлап жүрсің нені?.

Бұл сезім оянған ед ертеректе,  
Сені сүйем сен мейлі керек етпе.  
Өкпелетпе сендік мінез у жебе  
Қадалғанда не болады жүрекке?!

Билесіңбе? періштемсің көктегі,  
Саған ғашық сері жандар көп пе еді?!  
Қызғанамын, барма жоқпа белгісіз?!  
Соңғы кезде елемейсің үйткені.

Сүйіп келем тіпті сүйме десенде  
Тіл қатамын, маған сөйлемесең де.  
Есте сақта, мені жаным өтінем  
Өлеңдерді тез ұмытып кетсең де.

\*\*\*\*

## Қудайберген Қайрат

1996 жылы Алматы облысы Енбекшіқазақ ауданы Балтабай ауылында дүниеге келген. Көксу ауданында Талалты орта мектебінде 1-8 сыныпқа дейін, Балтабай орта мектебінде 9-11 сыныпты аяқтаған. Өлеңдері желі арқылы оқырмандарға жарияланып тұрады. «Жастар жалын жыр» атты кітапқа енген. «Тілім менің тірлігімнің айғағы» атты ақындық мұшайрасының 2-орын, Мұқазали Мақатаев мерейтойына арналған ақындық мұшайрасының 2-орын жүлдегері. Журналистика мамандығының 1-курс студенті.

Шыдамды жан, шыдашы тағы!  
Әлсіздің ғана сынады сағы.  
Сенімге лайық алдаған арман  
Алдামашы, алдама тағы

Шыдашы тағы, шыдамды адам.  
Жеңуге бәрін жетеді шамаң.  
Бағымды сынап, бақытың үшін!  
Талпынып қатты қанатты қағам.

Асығып барам, өткеннен қашып,  
Бағымнан сорым кеткен бе асып.  
Көктемдей көңіл айналсын күзге  
Бәрібір сізге, екенмін ғашық...

Жылады жасып көңілім бірде  
Қайғы-мұң берген өмірімде,  
Сынаққа келген өкпелемеймін  
Өкпелемеймін өмірге мүлде.

Тағыда шыда сындарға мына,  
Сынауы өмір ұнатар сірә?!  
Сақтамай ішке жеңілдеу үшін  
Қаласаң жүрек, жыласаң жыла.  
Бір үміт маған сыйласаң сыйла  
Арманға жеткіз, қинасаң қина....

\*\*\*\*

Үмітіңді қалдығой ақтай алмай  
Кешір ана сенің балаң міне сондай  
Мен еш нәрсе сендер үшін жасамадым  
Мүмкін ақыл бермегенғой маған құдай

Мен қиналдым соңғы кезде неге ұдай  
Күнде жүргім келмейді менің бұлай  
Бойымда бірақ барда сенің қаның  
Әке мен аламынғой тағы шыдай

Жақсы жерге жетелеп баралмаған  
Мен сол үшін күні-түні алаң болам  
Бір жақсылық ата-анама жасайтын-  
дай  
Ей жаратқан мен қашан адам болам

Шараң барма шамаң барма солар үшін  
Дәлелдейін жетер мекен оған күшім  
Келер күнмен күресіп көрейінші  
Өткен күнге жатсада ашып ішім

Жұбатушым өлеңім маңдайдағын  
көремін  
Бұл Алланың қалауы барлығына  
көнемін  
Қарада тұр бір күні қиындықты  
жеңемін  
Ақ ниетпен айтқан соң мен өзіме  
сенемін

\*\*\*\*

Сен кеттің мені жаным мұңға та-  
стап  
Мен кетем басқаменен өмір бастап  
О тіңірім не болды мына маған  
Неге жүрем мен оны күнде аңсап

Төкседе көздің жасы жаңбырменен  
Шамам жоқ тіресуге тағдырменен  
Қайта оралма ұнатып сүйсеңдағы  
Ешкім жоқ саған мені қалдыр деген

Жүрегім білемін сағынды  
Қыс келер жауратып жанымды  
Жылы жүр қолдарың тоңбасын  
Алдамшы жылы сөз болмасын

Сезімді осы күз суытқан  
Сескенем келетін суықтан  
Сенсіңғой кінәлі бәрібір  
Сондықтан мен сені ұмытам

Мен қалай арылам былықтан  
Жүрегім қайғырып шыныққан  
Өлеңмен көл қылған жасымды  
Ешкім жоқ әліде шын ұққан

Жылама жылама жүрегім  
Шаршадым қажыдым жүдедім  
Мен енді сенбеймін ешкімге  
Үзілді бәрінен күдерім

\*\*\*\*

Сен үшін дайынмын бәріне  
Себебі сүйемін әліде  
Басыма келседе не бір ой  
Бір болу сенімен абырой

Жүрегім білсеңіз тек сізде  
Қиналсаң ойланба мен(і) ізде  
Мен саған беремін барлығын  
Дәл солай жазыпты тағдырым

Жүзіңді көрсем деп сағындым  
Ішінде адастым сағымның  
Не пайда бірге өмір сүрмесем  
Жалғанда жалғызым барымның

Бар мұңым өзіңнен басталған  
Бір болу өзіңмен баст(ы) арман  
Мен қанша жүрекем сүйсемде  
Тәңірім біздерді қоспаған

Алдады үмітім тағыда  
Балап ем мен оны бағыма  
Сағына өткізген әр түннің  
Болмады бір емі жанымна

Махаббат бердіме жазамды  
Алмашы өтінем мазамды.

Халықаралық  
суретшілер симпозиумы

## Көркемөнер

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Атырау қаласы күніне орай ұйымдастырылған «Сұлулық әлемді құтқарады» атты халықаралық суретшілер симпозиумының ашылу салтанаты болып өтті.



Халықаралық симпозиумда Ресей, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай елінен 23 суретшілер мен белгілі қоғам қайраткерлері бас қосты. Жиынның алғашқы сөз кезегін университетіміздің бірінші проректор – Стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Айгерім Шилібекова құттықтау сөзін сөйлеп, университет тарихымен жоспарларын баяндады. Одан әрімен сөз кезегін Атырау облысы әкімінің орынбасары мен шетелден келген қонақтар құттықтау сөздерін айтты, ризашылықтарын білдірді. «Ұйымдастырылып отырған халықаралық суретшілер симпозиумы Елбасының «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отырған ауқымды

шараларымыздың бірегейі. Басқосудағы басты мақсатымыз, көне Сарайшық, кешегі Гурев, бүгінгі Атырау болып өркендеген өңірдің осынау айшықты келбетін көрсету. Сонымен қатар, тек қаламыздың ғана емес қазақ елінің мәдениеті мен өнері, әлеуметтік – экономикалық дамуы, рухани байуын суретшілердің қылқаламы арқылы жеткізу» – дейді Атырау қалалық тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ақылбек Рысқалиев.

Айта кетсек, осы шара аясында студенттермен жас талантты тұлғалармен шеберлік сыныптары ұйымдастырылып, 3 күн бойы суретшілеріміз қаламыздың көрікті жерлерін бейнелейді.

Алтынай СӘЛІМГЕРЕҢҚЫЗЫ,  
медиа-қызмет тілшісі

# Суретшінің сағынышы...

**Ш.Сариев атындағы көркем сурет және қолданбалы-сәндік өнер музейінде Атырау университетінің профессоры, Суретшілер Одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері Кендір Отарбайдың «Келсеңші оралып» атты жеке шығармашылық көрмесінің ашылу салтанаты болып өтті. Көрмеге суретшінің 60-қа жуық туындысы қойылды.**

Суретшінің мерей жасына арнайы ұйымдастырылған көрмеге Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай, Түркия мемлекеттерінен келген танымал қылқалам шеберлері де арнайы қатысты. Туындылары еліміздің ғана емес, шетелдің де бірқатар музейлерінен орын алған суретшінің бұл бесінші көрмесі. Бұған дейін 1999 жылы «Менің елім - Қазақстан», 2007 жылы «Нарында менің ауылым», 2013 жылы «Ақшақыр», 2016 жылы «Ұлы Дала» атты жеке шығармашылық көрмелерін өткізген. «Көрменің «Келсеңші оралып» деп аталуы қайта келмес балалық, жастық шағыма сағыныштан туындаған. Өзімнің мерейлі жасымда жасаған жұмыстарыма есеп беріп, шығармашылық жұмыстарымды көрсету мақсатында 60 картинаны осы көрмеге әдейі таңдадым» - дейді қылқалам шебері.

«Келсеңші оралып» көрмесін өнертанушы ғалым, композитор, Атырау университетінің профес-

соры Илья Жақанов пен филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес ресми ашып, сәттілік тіледі.

Көрменің ашылу салтанатына қатысқан белгілі суретшілер Кендір картиналарының сюжетіне, салыну ерекшеліктеріне қатысты өз пікірлерімен бөлісті.

Университет проректоры Саламат Идрисов мерейгер суретшіні құттықтап, «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне сіңірген еңбегі» үшін төсбелгісін тапсырды. Суретшінің шәкірттері мен әріптестері, достары мен туыстары көрменің ашылуымен құттықтап, шығармашылық шабыт тіледі.

Айта кетсек, суретшінің шығармашылық көрмесі 30 қазанға дейін жалғасады.

**Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ,  
Журналистика мамандығының  
4-курс студенті**



### Студенттік шақ игі өмірдің бастауы

Осындай атаумен факультеттерде 1 курстықтарды студент қатарына қабылдау салтанатына орай мерекелік концерт ұйымдастырылды. Шарада факультет декандары құттықтау сөздерін сөйлеп, студенттік билет пен сынақ кітапшаларын табыстады. Мерекелік кеште студенттер әртүрлі өнерлерін көрсетіп, кештің сәнін келтірді.



## Минскіде қазақ күресінен ересектер арасында VII Әлем чемпионаты өтті



Қазақ күресінен 5-8 қазан аралығында Беларусь мемлекетінің астанасы Минск қаласында «Олимпийский» спорт кешенінде ересектер арасында VII Әлем чемпионаты өтті. Осы чемпионатқа әлемнің 38 мемлекетінен палуандар қатысты. Тұңғыш рет қазақ күресінен әйелдер арасында 70 кг дейін және +70 кг жоғары салмақта белдесулер өтті. Чемпионатта ерлер 6 салмақта, әйелдер 2 салмақта белдесті. Осы жарыста ел намысын Атырау қаласынан +70 кг жоғары салмақта Тайжанова Қалжан қорғап тұңғыш рет қазақ күресінен әйелдер арасында күміс жүлдегер атанды. Сонымен қатар Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің үш студенті

қатысты. Олар осы университетке Қытай Халық Республикасынан және Өзбек мемлекетінен оқуға келіп университет қабырғасында оқып жүріп қазақ күресінің қыр сырын меңгеріп, әлемдік додаға қатысты. Олар Иновациялық білім беру факультетінің 2 курс студенті Ермухан Ұлпан және 1 курс студенті Дабултай Айбулан. Ал Аллаяров Азамат Көптілді білім беру факультетінің тындаушысы. Бұл палуандарды жаттықтырып жүрген осы университеттің Денешынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, қазақ күресінен Халықаралық дәрежедегі төреші Рафаэль Хабиров.

VII Әлем чемпионатының ашылу



салтанатында әлем спортында аты аңызға айналған тұлға, еркін күрестен үш дүркін Олимпиада ойындарының жеңімпазы, жеті дүркін әлем чемпионы, үш дүркін Европа чемпионы, тоғыз дүркін КСРО чемпионы Александр Медведь құттықтау сөз сөйлеп, «қазақ күресі әлемдегі ең әдемі күрес түрі» дей келе, қазақтың атақты палуаны Әбілсейт Айханов туралы жылы лебізін білдіріп, палуандарға сәттілік тіледі. Жарыстың құрметті қонақтары UWW Біріккен күрес түрлері, Бүкіл әлемдік белбеу күресі комитетінің президенті Гинтаус Вилейта мырза (Латвия), Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының құрметті президенті Қажымқан Мәсімов

мырза (Қазақстан), Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының вице-президенті Серік Түкеев мырза (Қазақстан) және Қазақстан Республикасының Беларусь мемлекетіндегі елшінің кеңесшісі Өмірзақ Бейспеков мырза болды.

Сонымен VII Әлем чемпионатының жеңімпаздары болған палуандар: Жақсылық Мұсырманов (60 кг, Қазақстан), Али Турсунов (70 кг, Ресей), Хамроз Ражабов (80 кг, Тәжікстан), Ерлан Омаров (90 кг, Қазақстан), Александр Вахабяк (+90 кг, Беларусь) және абсолютті салмақта Талғат Әмренов (Қазақстан). Әйелдер арасында Алтынай Хаби (70 кг, Қазақстан) және Отгон Мунхцецег (+70 кг, Моңғолия).

## Талдықорғаннан табысты оралды



Талдықорған қаласындағы Қазақстан Республикасының IX жазғы универсиадасына Самбо және Дзюдо күресінен университетіміздің студент палуандары қатысып жоғары жетістіктер көрсетті.

Атап айтсақ Самбо күресінен 1 курс студенттері Жұмабай Парасат 68кг салмақта, қыздар арасында +78кг салмақта Қапсалиқова Сайда I ші орын алды. II ші орынды 1 курс студенті 57кг салмақта Әбу Аманжан және III курс студенті Ашықбаев Райымбек 100кг салмақта иеленді. 4 курс студенті қыздар арасында + 78 кг салмақта Сәрсенова Гулдана III ші орын алды. Ал дзюдодан қыздар арасында +78 кг салмақта Қапсалиқова Сайда II ші орын

алса, I курс студенті 60кг салмақта Амангелді Бағытжан III - орын алды. Осы жарысқа палуандарды дайындаған университетіміздің денешынықтыру кафедрасының меңгерушісі Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы Аралбаев Алпысбай Сейтқалиұлы, денешынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, Халықаралық дәрежедегі төреші Хабиров Рафаэль Ралитұлы.

### Құрметті студенттер!

Футболдан «Университет» құрама командасына 1-2 курс студенттерінен іріктеу жүргізілуде. Жаттығулар университет спорт залында дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері сағат 16.00-18.00 аралығында өтеді.

Аға жаттықтырушы Амантай Мухамбетәлі  
Жаттықтырушы Руслан Сұлтанғалиев



## Құрметті студенттер, ұстаздар, ата-аналар!

«Студенттер қатарына қабылдау – 2017» салтанатты шарасына шақырамыз.  
27 қазан сағат 17.00 Атырау университетінің мәдени-спорт кешені

Салтанатты шарада қазақстандық жоғары оқу орындарының ректорлары мен проректорлары, Атырау облысы әкімі, елімізге танымал қоғам және мемлекет қайраткерлері қатысуы жоспарлануда.

Сондай-ақ 2017-2018 оқу жылында университетке қабылданған студенттерді

отандық эстрада жұлдыздары құттықтайтын болады. Сіздер үшін арнайы келген қонақтарымыз «ННбек», «Заман», «ABC crew» шығармашылық ұжымдары, әншілер Дана Кентай және Бейбіт Қорған Өздеріңізге тамаша мерекелік көңіл-күй сыйлайды.

Жастар саясаты департаменті

## КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы жариялаған Даму мүддесіндегі тұрақты туризм халықаралық жылы және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласына орай Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: мәдениеттер арасындағы диалогты алға ба-стыру тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

Өтетін уақыты: 8 қараша 2017 жыл

Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Конференция тақырыбының негізгі бағыттары

- Сарайшық қаласының зерттелуі, сақтау және дамытудың өзекті мәселелері
- Каспийдің Солтүстік-Шығыс өңірінің тарихи-мәдени мұралары
- Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар
- Каспий өңіріндегі көшпенділердің және қала мәдениетінің дамуы
- Тарихи орындарды насихаттаудағы музейлердің ролі
- Отан тарихының мектеп бағдарламаларында оқытылуы

Конференцияның ресми тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері  
Конференцияға Қазақстандағы және шетелдердегі тарих, филология, шығыстану, мәдениеттану салаларының ғалымдары мен музей мамандары, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының қызметкерлері қатынаса алады. Конференция материалдары жинақ түрінде шығарылуына байланысты материалдарды алдын-ала тапсыруларыңыз сұралады.

Конференцияның ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:  
060002, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Б.Момышұлы көшесі 3-үй Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі, тел (факс) 8 (7122) 323 664, эл. пошта: [atyrau-museum@mail.ru](mailto:atyrau-museum@mail.ru)  
060011, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, құрылыс 1, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 8(7122) 276323, эл.пошта: [kense@asu.edu.kz](mailto:kense@asu.edu.kz)

Ұйымдастыру алқасы



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы  
Атырау қаласы  
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Г. Қайырғалиева - редактор, 27-63-29

В. Шигаев - дизайнер-бет құрушы

Қ. Данияров - фотограф

А. Нарешова - хатшы

Журналистер:

С. Аронов, М. Такежанова, А. Сәлімгерейқызы.

Электрондық пошта - [media@asu.edu.kz](mailto:media@asu.edu.kz)

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз

## «Шаттанамын!» байқауына шақырамыз!

2017 жылдың 1-2 қараша күндері Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, күйші, дирижер, композитор Айтқали Жайымовтың 70 жылдық мерейтойына орай «Шаттанамын» атты қалалық балалар саз мектептері арасында жас домбырашылар сайысы ұйымдастырылады.

Сайыстың ТАЛАПТАРЫ:

1. Мектепшілік іріктеуде әр саз мектебінен 2-3 оқушы жіберіледі.
2. I – кезең. 1 шығарма, 1 төкпе күй, 1 шертпе күй.
  - А.Жайымовтың «Шалқыма» шығармасы (фортепиано сүйемелдеуімен).
  - Құрманғазы, Дина, Дәулеткерейдің 1 күйі (өз қалауы бойынша)
  - Шертпе мектебінен 1 күй (өз қалауы бойынша)
3. II – кезең. Қазіргі заманның композиторларынан 2 күй.
  - Қазіргі заман композиторларының 1 күйі (өз қалауы бойынша)
  - А.Жайымов. Шаттанамын (орындауы міндетті)

Конкурс жеңімпаздары арнайы дипломдармен және Қазақстанның халық әртісі, профессор Айгүл Үлкенбаеваның шеберлік класына қатысу Сертификатымен марапатталады.

«Музыка және өнер» кафедрасы

## Қайырымдылық

## Жақсылыққа жаны жақын жандар көп



Өткен аптада Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен құрылған екі команда Strike Bowling Bar ұйымдастырған боулингтен қайырымдылық турниріне қатысты. Атырау мемлекеттік университеті, Өрлеу, Медиа центр, Мұнайлы Астана, Семейное здоровье, Достар, 911, Жігіттер, Жалынды жастар, Дружба командалары белсенділіктерімен қатар қайырымдық көрсетуге дайындықтарын көрсетті. Ойыншылардан жарна ретінде түскен қаражат кішкентай атыраулық Сағыныштың емдау-сауықтыру шараларына жұмсалатын болады. Кішкентай бөбектің анасы Арайлым жақсылыққа жаны жақын жандардың барлығына өз атынан үлкен ризашылығын білдірді.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 6 нөмірі шығады.

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #246  
Баспаның мекен-жайы:  
Атырау қаласы,  
Жарбосынов көшесі, 5 үй  
Тираж 5000 дана